

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені**Мамандығы: Құқықтану****Шифр: 050301****Пән: Жедел іздестіру қызметі****Глоссарий**

1) **адамдарға сауал қою** – жедел-іздестіру қызметінің міндеттерін шешу үшін маңызы бар нақты ақпаратты осы ақпарат бар немесе болуы мүмкін сауал қойылған адамның сөздерінен жинау;

2) **анықтамалар алу** – қызығушылық туғызатын ақпарат бар немесе болуы мүмкін тиісті жеке немесе заңды тұлғаға ресми сауал жіберу жолымен жедел-іздестіру қызметінің міндеттерін шешу үшін маңызы бар нақты ақпарат алу;

3) **арнаулы жедел-іздестіру іс-шарасы** – заңмен қорғалатын адамның жеке өміріне араласпаушылықты, хат жазысу, телефонмен сөйлесу, телеграф хабарламалары мен почта жөнелтілімдері құпиясын, сондай-ақ тұрғын үйге қол сұқпаушылық құқығына тікелей қатысты жедел-іздестіру іс-шарасы;

4) **арнаулы техникалық құралдар** – жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу барысында ақпаратты табу және оны құжаттау үшін арнаулы функциялары, бағдарламалық қамтамасыз етуі мен конструкциялық ерекшеліктері бар құрылғылар, аппаратура, тетіктер, жабдық;

5) **байқау** – жедел-іздестіру қызметінің міндеттерін шешу үшін маңызы бар құбылыстарды, әрекеттерді, оқиғаларды, процестерді көру арқылы әрі өзгеше қабылдау және анықтау;

6) **байланыс желілеріндегі жедел іздеу** – телекоммуникациялар желілері және почта байланысы арналары арқылы берілетін ақпаратта құқыққа қарсы әрекеттің белгілерін табу жөніндегі жасырын іс-әрекеттер;

7) **байланыстың техникалық арналарынан, компьютер жүйелерінен және өзге де техникалық құралдардан ақпаратты алу** – ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға, сақтауға, іздеуге және таратуға арналған, электрлі байланыс желілері, компьютер желілері, деректер базалары, телекоммуникациялық және ақпараттық жүйелер арқылы берілетін ақпаратты арнаулы техникалық құралдармен жасырын алу;

8) **бақыланатын өнім беру** – еркін өткізуге тыйым салынған не айналымы шектелген, сондай-ақ қылмыстық қол сұғу объектілері немесе құралдары болып табылатын нәрселердің, заттардың және өнімдердің берілуіне, сатып алынуына, сатылуына, орын ауыстыруына бақылау орнату жолымен қылмыстық әрекеттің белгілері туралы ақпарат алу тәсілі;

9) **жеке адамды белгілері бойынша іздеу және ұқсастыру** – іздеудегі адамды даралайтын статикалық, динамикалық және геномдық белгілері бойынша, сондай-ақ сөзбен сипаттау портреті және адамды жеткілікті ықтимал дәрежеде тануға мүмкіндік беретін басқа да тәсілдер көмегімен табуға және сәйкестендіруге бағытталған ұйымдастырушылық және нысаналық-практикалық іс-әрекеттер жиынтығы;

10) **енгізу** – жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органның қызметкерін не онымен бірге қызмет істеп жүрген құпия көмекшіні жедел-ізвестіру қызметінің міндеттерін шешу үшін жедел қызмет мүдделі болып отырған объектінің төңірегіне жасырын енгізу;

11) **жалпы жедел-ізвестіру іс-шарасы** – жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың осы қызметтің міндеттерін шешуге бағытталған, бірыңғай тактикалық, стратегиялық ой-ниетпен байланысқан іс-әрекеттерінің жиынтығы;

12) **жедел есепке алу ісі** – жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы орган жүргізетін оқшауландырылған іс жүргізу;

13) **жедел кіру** – тұрғын және басқа да үй-жайларға, ғимараттарға, құрылыстарға, көлік құралдарына, жергілікті жердің учаскелеріне оларды тексеру мақсатында, сондай-ақ жедел-ізвестіру қызметінің өзге де міндеттерін шешу үшін жасырын кіру;

14) **жедел сатып алу** – ықтимал қылмыстық әрекет туралы ақпарат алу мақсатында, жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органның хабардар болуымен және оның бақылауымен тексерілетін адамнан тұтыну немесе өткізу мақсатынсыз ақылы түрде заттар сатып алынатын жалған мәміле ахуалын орнату;

15) **жедел-ізвестіру қызметі** – адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті қорғау, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың арнаулы қызметтерінің қылмыстық қол сұғуынан, сондай-ақ барлау-бүлдіру әрекетінен қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдар Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асыратын жария және жасырын жедел-ізвестіру, ұйымдастыру және басқару іс-шараларының ғылыми негізделген жүйесі;

16) **құқыққа қарсы әрекеттердің іздерін табу, жасырын анықтау және алып қою, оларды алдын ала зерттеу** – қылмыс іздері сақталған немесе қылмыс жасау құралы не қылмыстық әрекеттің нәтижесі болып табылған материалдық объектілерді анықтау және айналымнан немесе нақты адамның иелігінен алып қою және олардың өздеріне тән белгілері мен ерекшеліктерін заңда белгіленген нысандарда анықтау;

17) **құпия көмекшілер** – жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органмен құпия негізде (оның ішінде келісім-шарт бойынша) қызмет істеуге келісімін берген, сол сияқты осы органмен бұрын өзінің келісімі бойынша ынтымақтастықта болған, он сегіз жасқа толған, іс-әрекетке қабілетті жеке тұлғалар;

18) **почта-телеграф жөнелтілімдерін бақылау** – іс үшін маңызы бар мәліметтерді хаттарды, жеделхаттарды, радиограммаларды, бандерольдерді, посылкаларды және басқа да почта-телеграф жөнелтілімдерін қарау және олардың мазмұнымен танысу жолымен алу;

19) **сөздерді жасырын тыңдау және жазып алу** – бейне-, аудиотехниканы немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, тексерілетін адамның, күдіктінің, айыпталушының сөздік ақпаратын жасырын бақылау және оның мазмұнын материалдық жеткізгіште анықтау;

20) **телефон арқылы жүргізілген сөйлесулер туралы мәліметтер алу** – телефон байланысы абонентінің кіріс және шығыс қоңыраулары туралы ақпаратты жасырын алып қою;

21) **телефон және басқа да сөйлесу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөйлесулерді тыңдау және жазып алу** – егер тексерілетін адам, күдікті, айыпталушы үшінші бір адамның телефонын немесе өзге де сөйлесу құрылғысын пайдаланады деген мәліметтер болса немесе егер үшінші бір адам телефонды және басқа да сөйлесу құрылғысын пайдаланып, тексерілетін адамға, күдіктіге, айыпталушыға арналған не басқа адамдарға беру үшін тексерілетін адамнан, күдіктіден, айыпталушыдан ақпарат алады деген мәліметтер болса, тексерілетін адамның, күдіктінің, айыпталушының не үшінші бір адамның сөздік ақпаратын жасырын бақылау және оның мазмұнын материалдық жеткізгіште анықтау;

22) **үлгілерді алу** – тірі адамның, мәйіттің, жануардың, заттың, нәрсенің ерекшеліктерін бейнелейтін, жедел-іздістіру қызметінің міндеттерін шешу үшін маңызы бар материалдық ақпарат жеткізгіштерді алып қою және анықтау;

23) **штаттағы жасырын қызметкер** – лауазымдық міндеттеріне жедел-іздістіру іс-шараларын астыртын түрде жүргізу кіретін жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органның қызметкері;

24) **іздістіру** – заңда көзделген жағдайларда тергеуден, анықтаудан немесе соттан жасырынған, қылмыстық жауаптылықтан жалтарған адамдардың, хабарсыз кеткен және өзге де адамдардың орналасқан жерін, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтері бар жоғалған құжаттар мен бұйымдарды анықтауға бағытталған ұйымдастырушылық, іс жүргізу және жедел-іздістіру іс-шараларының жүйесі.

25) **біліктілік талаптары** - мемлекеттік әкімшілік қызметке орналасуға үміткер азаматтарға кәсіптік даярлығының деңгейін, құзыреттілігін және нақты әкімшілік лауазымға сәйкес келуін айқындау мақсатында қойылатын талаптар;

26) **лауазымды адам** – тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

3) **лауазымдық өкілеттік** – мемлекеттік қызметшілер өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге жауап беретін нақты мемлекеттік лауазыммен көзделген құқықтар мен міндеттер;

27) **мемлекеттік әкімшілік қызмет санаты** – мемлекеттік әкімшілік қызметшілер атқаратын әкімшілік лауазымдар жиынтығының лауазымдық өкілеттіктің көлемі мен сипатын көрсететін сыныптамалық сипаттамасы;

28) **мемлекеттік әкімшілік қызметші** – мемлекеттік саяси қызметшілердің құрамына кірмейтін, мемлекеттік органда лауазымдық өкілеттіктерді тұрақты кәсіптік негізде жүзеге асыратын мемлекеттік қызметші;

29) **мемлекеттік қызмет** – мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді атқару жөніндегі мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы қызметі;

30) **мемлекеттік қызметші** – мемлекеттік органда заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы;

31) **мемлекеттік лауазым** – нормативтік құқықтық актілерде белгіленген лауазымдық өкілеттіктер мен лауазымдық міндеттер аясы жүктелген мемлекеттік органның құрылымдық бірлігі;

32) **мемлекеттік саяси қызметші** – тағайындалуы (сайлануы), босатылуы және қызметі саяси-айқындаушы сипатта болатын және саяси мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін жауапты болатын мемлекеттік қызметші;

33) **мүдделер қақтығысы** – мемлекеттік қызметшінің жеке басының мүдделілігі мен оның өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше атқаруының немесе жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің арасында осы заңды мүдделерге зиян келтіре алатын қайшылық туындайтын жағдай;

34) **ротация** – мемлекеттік саяси қызметшілерді мемлекеттік органдардың арасында, сондай-ақ мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің арасында лауазымдық ауыстыру

35) **ауыстыру** – құқық қорғау органы жүйесінде лауазымдарға орналасу;

36) **ауысу** – құқық қорғау органдарындағы қызметті тоқтатпастан құқық қорғау органында атқарып жүрген қызметінен босата отырып, сол мезгілде басқа құқық қорғау органындағы лауазымға тағайындау;

37) **баянат** – қызметкер қызмет әрекеті процесінде тікелей немесе уәкілетті басшыларға өтініш жасаған кезде ерекше нысандағы жазбаша баяндау;

38) **біліктілік талаптары** – құқық қорғау органындағы лауазымға орналасуға үміткер азаматтарға олардың кәсіптік даярлық деңгейін, құзыреттілігін және нақты лауазымға сәйкестігін айқындау мақсатында қойылатын талаптар;

39) **кадр резерві** – кейіннен оларды ұсыну үшін қалыптастырылған, деректері жүйеленген тізімге енгізілген қызметкерлер;

40) **құқық қорғау қызметі** – құқық қорғау органдары лауазымдарындағы мемлекеттік қызметтің ерекше түрі;

41) **құқық қорғау органы** – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды

мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін, өз құзыретіне сәйкес қылмыстылыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттің саясатын іске асыратын, заңдылықты қамтамасыз ету мен қоғамдық тәртіпті қолдау, құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу, тергеу, қылмыстық істер бойынша сот шешімдерін атқару жөнінде арнаулы өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган;

42) **құқық қорғау органының қарамағында болу** – штаттық лауазымға орналасумен байланысты емес құқық қорғау қызметін өткеру;

43) **құқық қорғау органының қызметкері (бұдан әрі – қызметкер)** – құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арасынан арнаулы атақ немесе сыныптық шен берілген Қазақстан Республикасының азаматы;

43) **құқық қорғау органының тәртіптік комиссиясы** – тәртіптік теріс қылыққа қатысты фактілерді қызметтік тергеу және зерттеу материалдарын қарау үшін оның жасалуының мән-жайын жан-жақты, толық және объективті анықтау және тәртіптік жауапкершілікке тартылатын қызметкерді лауазымға тағайындау және лауазымнан босату құқығы бар адамды тәртіптік жазалау шарасы туралы ұсыным шығару мақсатында құқық қорғау органында құрылатын тұрақты алқалы орган;

44) **қызметтік тергеу** – қызметкердің тәртіптік теріс қылықты жасау мән-жайын толық, жан-жақты және объективті анықтау мақсатында, ол туралы материалдар мен мәліметтерді жинау және тексеру жөніндегі қызмет;

45) **тәртіптік жаза** – қызметкерге қолданылатын тәртіптік жауапкершілік шарасы;

46) **тәртіптік жауапкершілік** – тәртіптік теріс қылықтар, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, қызметкерлер көтеретін заңдық жауапкершілік түрі;

47) **тәртіптік теріс қылық** – қызметкердің өзіне жүктелген міндеттерді құқыққа қайшы, кінәлі атқармау немесе тиісінше атқармауы, лауазымдық өкілеттігін асыра пайдалануы, қызметтік және еңбек тәртібін бұзуы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызмет әдебі қағидаларын) не ар-намыс кодекстерін (құқық қорғау органдарындағы қолданыстағы қызмет әдебі қағидаларын) бұзуы, тәртіптік ретпен жазаланатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауы, сол сияқты осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген, құқық қорғау қызметінде болуға байланысты шектеулерді сақтамауы;

48) **уәкілетті басшы** – құқық қорғау органының аумақтық немесе оған теңестірілген мамандандырылған бөлімшесінің басшысы, құқық қорғау органы мекемесінің, ведомствосының басшысы;

49) **ұйымдастыру-штаттық іс-шаралар** – құқық қорғау органының құрылымдарын қалыптастыру жөніндегі шаралар кешені;

50) **ұсыну** – құқық қорғау органы жүйесінде жоғары тұрған лауазымдарға орналастыру;

51) **іссапарға жіберу** – қызмет мерзімін үзбестен, қызметкерді Қазақстан Республикасының басқа да құқық қорғау органдарында, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында, сондай-ақ құқық қорғау органы жүйесінде одан әрі қызмет өткеру үшін ауыстыру;

52) **іс сапармен бару** – құқық қорғау органы кадрында қала отырып, басқа мемлекеттік органдардағы және халықаралық ұйымдардағы лауазымдарға орналасу.